

Ақшұқыр селосы бойынша жер учаскесіне төлемнің базалық ставкасына бағалау аймағының шекарасы мен түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Күші жойған

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 13/88 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаменті Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 11-6-81 болып енгізілді. Күші жойылды - Түпқараған аудандық мәслихатының 2012 жылғы 02 шілдедегі № 4/32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түпқараған аудандық мәслихатының 2012.07.02 № 4 / 3 2 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының 20 маусым 2003 жылғы "Жер" кодексінің 8, 11-баптарын, "Салық" кодексінің 338-бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабының 1 - тармағының 4), 13)тармақшаларына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Ақшұқыр селосы бойынша жер учаскесіне төлемнің базалық ставкасына бағалау аймағының шекарасы схемаға сәйкес бекітілсін (қосымша N 1)
2. Түзету коэффициенттері N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

Г.Шалабаева

Аудандық мәслихат хатшысы:

А.Досанова

" К Е Л І С І Л Д І " :

Маңғыстау облысы Түпқараған
ауданы бойынша салық комитетінің
төрағасы Н.Худибоев

12 желтоқсан 2008 жыл

Түпқараған аудандық жер
қатынастары бөлімінің бастығы
Е . Р з а х а н о в

12 желтоқсан 2008 жыл

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы
12 желтоқсандағы N 13/85 шешіміне
N 1 қосымша

(Суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы
12 желтоқсандағы N 13/86 шешіміне
N 2 қосымша

Ақшұқыр селосы жерлерінің аймағын сипаттау және жер учаскесінің ақы ставкаларына қатысты түзету көэффициенттері

Аймақтар N	Аймаққа енетін әкімшілік құрылымдар	Аймақ бойынша коэффициент
I	Қоғамдық-іскерлік және тұрғын аймақ. Теңіз жағалауы. Ақшұқыр ауылының жеке құрылысына арналған тұрғын массивтер және С.Шапағатов елді мекені Ақтау қ. Халықаралық әуежайнан 1 шақырым жердегі жеке тұрғын массиві	2,0
II	Өндірістік аймақ	1,8
III	Жобадағы құрылыс (қоғамдық-іскерлік және тұрғын)	1,6
IV	Резервтегі аймақ	1,4

Аймақтардың сипаты

1 - ші аймақ – қоғамдық - іскерлік және тұрғын. Бірінші аймақтың шекарасы батыс жақтан Каспий теңізінің жағалауы, солтүстік және оңтүстік - Ақшұқыр селосы әкімшілігі шекарасы бойымен, шығыс – "Ақтау - Форт - Шевченко" автомобиль жолы арқылы 200м оңға қарай, сондай-ақ Ақтау қ. Халықаралық әуежайынан 1 шақырым жерден өтеді.

2 - ші аймақ - өндірістік жерлер. Екінші аймаққа өнеркәсіп жерлері кіреді. Аймақтың шекарасы: оңтүстік-батыста – "Ақтау - Форт - Шевченко" автомобиль жолынан 200 м оңға қарай, солтүстік шығысында – Мұнайлы ауданының әкімшілік шекаралары.

3 - ші аймақ – жаңа жеке тұрғын құрылыс (қоғамдық - іскерлік және тұрғын). Аймақтың шекарасы батыс жақтан "Ақтау – Форт - Шевченко» автомобиль жолынан 200 м оңға қарай, солтүстіктен 1 шақырым жерден Ақтау қ. Халықаралық әуежайынан автомобиль жолы арқылы өтеді.

4 - ші аймақ – резервтік аймақ. Аймақтың шекарасы батыс жақтан Ақтау қ. Халықаралық әуежайынан 1 шақырым және Ақшұқыр селосы әкімшілігі шекарасы бойымен, шығыс – Мұнайлы ауданы әкімшілігі шекарасы бойымен өтеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК